



ХҒТАР 16.21.39
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-266-275>

Түркі өзбек тілі құрылымының зерттелу тарихынан

С. Аширбоев¹, Б. Сайфуллаев*²

¹Ә.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан

²Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті, Ташкент, Өзбекстан

(E-mail: ¹Ashirboyev@gmail.ru, ²sayfullayevbaurjan@gmail.com)

Аңдатпа. Өзбек тіл білімі тарихының зерттелуі қазіргі уақытта өзекті тақырыптардың қатарынан көрінуде. Бұл тақырыпта бірқатар диссертациялар, оқулықтар, мақалалар жарық көрді, соның ішінде С. Аширбоевтың «Өзбек тілінің грамматикалық құрылымының зерттелу тарихынан» (1974), А.Нурмановтың «Өзбек тіл білімінің тарихы» (2002), С.Нормаматовтың «Өзбек тіл білімінің тарихы» (2022) сияқты еңбектер жарияланды. Мақалада XX ғасырдың басында енді ғана пайда бола бастаған практикалық грамматика категориясына жататын еңбектер жүйелі талданған. Зерттеу барысында еңбектерге талдау жүргізіліп, теориялық-әдіснамалық негіздері мен тілдік талдау тәсілдері сарапталып, олардың сол кезеңдегі лингвистикалық көзқарастармен сабақтастығы анықталды. Практикалық грамматика шеңберінде етістік категориясының сипатталуы автордың дәстүрлі грамматикалық ұстанымдары мен араб тіл білімі ықпалының айқын көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл еңбекте қолданылған терминологиялық жүйе мен талдау үлгілері өзбек тіл білімінің қалыптасу кезеңіндегі ғылыми ойдың деңгейін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері XX ғасыр басындағы өзбек тіл білімінің даму үрдістерін айқындауға және түркі тілдерінің грамматикалық жүйесін тарихи тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: өзбек тіл білімі, етістік, сарф, муфрад, жам, етістік шақтары, бұйрық рай, шартты рай.

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы өзбек тіл білімінің деңгейін зерттейтін дереккөздер жеткіліксіз. Бұл кезеңді өзбек тіл білімі үшін де дағдарыс кезеңі деуге болады. Шынында да, бұл кезеңдегі тіл біліміне қатысты еңбектерді табу өте қиын, бірақ сол кезде жасалған оқу құралдарындағы мәліметтерге негізделе отырып, сол кезеңнің тіл білімі

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

туралы болжам жасауға әлбетте болады [1, 6-17 б]. Бұл туралы алдыңғы мақаламызда да жазған болатынбыз. Соның бірі Мулла Мухаммадамин ибн Мухаммад Каримхожаның *ترکچه قایدہ* (Түрікше қағидасы, – Ташкент, 1913) еңбегі талданған.

Бұл еңбекті осы кезеңде өзбек тілінде жазылған алғашқы грамматикалық еңбек деуге болады. Онда өзбек тілінің морфологиясы, синтаксисі, орфографиясы, тыныс белгілері туралы мәліметтер берілген. Осы шағын зерттеуімізде біз етістік формаларының қалай түсіндірілетініне ғана тоқталамыз.

Мухаммедаминнің бұл еңбегінде етістік формалары бүгінгі күндегідей категорияларға топтастырылмаған, яғни әр форма жеке-жеке түсіндіріліп, араб терминологиясына негізделген. Мухаммадамин әрбір етістік формасын түсіндіруде, оның жекеше және көпше (оны муфрад ва жам); үш жақта (I жақ мутакаллим, II жақ мухотаб, III жақ гойиб) деген терминдерін пайдаланып, оның түрленуін көрсетіп, формаға сәйкес сарф терминінен пайдаланады.

Мухаммадамин араб тіл білімінде қабылдағандай, етістіктің түрлі формаларын қалыптастыруда “Феъллар масдар (харакат номи)лардан олинурлар. Туркийда масдарларнинг охирлари *ماک* (-мак) *ماق* (-моқ) бұлур” (11-б.), деген пікіріне негіздемекіші болады, себебі араб тілінде етістіктің тұсы(порада)сы іс-қимыл атауынан шыққан [4, 216 б], бірақ іс-жүзінде бұл ойда тұрақты емес. Ол жиырма үш етістік формасыны түсіндіруде етістіктің бұйрық және басқа формаларынан негіз ретінде пайдаланады.

Мухаммадамин етістіктің келесі формаларын төмендегідей түсіндіреді: 1. *ماضی شهودی* (мозийи шухуди. 2. *ماضی نقلی* (мозийи нағли). 3. *امر حاضر* (амри ҳозир). 4. *امر غایب* (амри ғойиб). 5. *نهی حاضر* (наҳйи ҳозир). 6. *نهی غایب* (наҳйи гойиб). 7. *معلوم مضارع* (маълуми феъли музоре). 8. *مجهول فعل مضارع* (мажхули феъли музоре). 9. *حال مضارع* (ҳоле музоре), 10. *استقبال* (истикбол). 11. *وجوبی* (вужуби). 12. *اسم فاعل* (исми фоил). 13. *اسم مفعول* (исми мафъул), 14. *فعل شرط* (феъли шарт). 15. *ماضی بعید* (мозийи баъид). 16. *معلوم فعل نفي* (маълуми феъли нафи). 17. *مجهول فعل نفي* (мажхули феъли нафи). 18. *معلوم فعل جهد* (маълуми феъли жаҳд). 19. *مجهول فعل جهد* (мажхули феъли жаҳд). 20. *معلوم ماضی* (маълуми мозийи). 21. *مجهول ماضی* (мажхули мозийи). 22. *حال ماضی* (ҳоле мозийи). 23. *حال مصدر* (ҳоле масдар).

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында еңбектерге талдау жүргізіліп, теориялық-әдіснамалық негіздері мен тілдік талдау тәсілдері сарапталып, олардың сол кезеңдегі лингвистикалық көзқарастармен сабақтастығы анықталды. XX ғасырдың басында жарық көрген өзбек тілінің практикалық грамматикасына қатысты еңбектер негізгі материал ретінде алынып, олар сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи және жүйелі талдау әдістері арқылы зерделенді. Сонымен қатар лингвистикалық деректерді сараптауда теориялық-әдіснамалық талдау, терминологиялық жүйені анықтау және тарихи сабақтастықты айқындау тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Етістіктің функционал формалары. Іс-әрекет атауы екі терминнен шыққан. Бірінші термин масдар деп аталып, оны тек *ماق* (-моқ), *мак* (-мак) аффиксті іс-әрекет атауы үшін пайдаланған. Екіншісі ҳоле масдар деп атайды да, онда *ш* (-ш/иш) аффиксті іс-

әрекет атауы жоспарланған. Мұның пайда болуына төмендегідей пікір білдіреді: “Амри ҳозир (II шахс буйруқ)нинг охирига ش -шин (ш) ҳарфи қўшилса, ҳоле масдар бўлур (14)”.

Көсемшенің тек өткен шақ түрінді ғана тілге тиек етіледі, бірақ оны -миш аффиксімен жасалатын сын есімнен айырмашылық болмайды және екеуіні де мозийи нагли деп атайды. Оның өткен шақ көсемшесі және есімшесін бірге алып қарастыруында белгілі дәрежеде негіз бар, себебі парсы тіл білімінде есімше мен көсемше формалдық жағынан айырмашылығы жоқ [12, 101 б]. Сондықтан мозийи нагли термині осы орында өткен шақ көсемшесіні де, өткен шақ есімшесініде білдіру мақсатында қолданылған. Оның пайда болуы туралы төмендегідей пікір білдіріледі: “Масдардаги “-мак”нинг ўрниға “-миш” ёки “-б” келса, мозийи нагли ҳосил бўлур: ўқумиш, ўқуб (14-б)”. Бұл форманы түсіндіруде сөйлем тек -(и)б аффиксімен жасалған көсемше туралы айтылады. Мұхаммедамин де оның өткен шақ етістік екенін көрсетеді. Дегенмен, оның флексия туралы идеясында түсіндіруді қажет етеді, өйткені ол, бұл етістік формасының ауысуы үш тұлғада кездеседі деп болжайды және оны былай көрсетеді:

1-кесте. Етістік формасының ауысуы

Жекеше	Көпше
ман ўқуб	биз ўқуб
сан ўқуб	сиз ўқуб
ул ўқуб	улар ўқуб

Оның жүйесінде үш тұлғаны Мұхаммедамин айтқандай, жіктік жалғауының шылауы емес, оның алдындағы тұлғалы есімдіктерін көрсетіп тұрғандай. Бұл, әрине, дәл осылай көрініс табады деген сөз емес. Мұхаммадамин ўқуб етістігін үш шақта көрсетуге әрекет жасайды. Мұнда у тек ўқуб етістігі, яғни етістіктің бір функционал формасын түсіндіруді мақсат етсе де, оның шаққа қатысын көрсетуде ўқуб кет соф етістіктің аналитикалық формасы туралы пікір білдіргенін ескермейді. Шақ мағынасын көрсету үшін көмекші етістік қана негізгі рөл атқарады деген қорытынды шығарады. Алдымен осы мәселені де еске алу керек, бұл орында сөйлем жалпы етістіктің шақ категориясы туралы емес, өткен шақтың көсемшесінің және шақты білдіру мәселесіне тоқталған. Яғни, біріншіден, көсемше + көмекші етістік туралы пікірдің өзі логикалық тұрғыдан дұрыс емес, екіншіден, етістік шақтары етістіктің фнкционал формалары түрленуімен баяндалса да [10, 181 б], шақ формаларының бәрі өткен шақ көсемшесінің түрленуін жасап болмайды, себебі әр бір шақ үшін етістіктің жеке формалары бар. Мұнда өткен шақ көсемшесі + көмекші етістіктен тұратын аналитикалық форманың шаққа тиісті кет көмекші етістігінің функционал (яғни соф феъл, көсемше) формаларына жүгінеді, яғни ол анық өткен шақты соф етістіктің (ўқуб кетдим) түрленген формасынан, осы шақ етістіктің түрленген формасынан (ўқуб кетаман) және келер шақ етістіктің түрленген формалары (ўқуб кетарман) пайда болады. Мәселеге екінші жақтан қарайтын болсақ, Мұхаммадаминнің ўқуб көсемшесінің түрленуі дегенде де белгілі негіз бар. Бұл да, аналиткалық формада (негізгі+көмекші) негізгі етістік (көсемше формасы) негізгі лексикалық мағынаны білдіреді [13, 445 б].

Мұхаммадамин يور (-йур) аффиксімен жасалған есімшені де келтіреді. Оны ҳоле музоре деб атайды (17-б.). Бу аффикстің ежелгі түркі тілдерінде [11, 16 б] есімше жасаушы

екені мәлім.] Мухаммадамин бұл аффикстің сөз түбірі қандай дыбыспен аяқталуынан тыс -йур вариантында жалғануын айтады: ўқуйур, кетйур, ёйур ва ҳ.к.

Осы шақ есімшісін исми фоил деп атайды және оның пайда болуын осылайша түсінік береді: “Амри ҳозирнинг охирига وچى (учи) калимаси (аффикси маъносида) қўшулса, исми фоил ҳосил бўлур”(19-б.). Бұл форманың түрлену парадигмасында қатысуында көрсетеді: ўқуғучиман, ўқуғучисан, ўқуғучи, ўқуғучимиз, ўқуғучисиз, ўқуғучилар. Исми фоил термині есімше мағынасында XI-XIII ғасыр ескерткішінде болған “Аттуҳфатуз закияту фил луғатит туркия” шығармасында да кездеседі [2, 113-114 б]. Мырза Махдихон бұл терминді өз мағынасында, яғни әрекет жасайтын адамның аты (имя действующего лица) мазмұнында қолданып, оны жасауда چى (-чи), ول (-вул) зат есім жасайтын аффикстерді де келтіреді [2, 113-114 б] және етістік шеңберінен шығып кетеді.

Бұл есімшені исми мафъул деп қолданады. Оның да түрленуін былай көрсетеді: ўрилгучиман, ўрилгучисан, ўрилгучи, ўрилгучимиз, ўрилгучисиз, ўрилгучилар (19-б.). Бұл сөздердің грамматикалық формасынан (ўрмоқ феълидан) өзбек тілі ерекшеліктерін көрсетеді, бірақ бұл етістік көрсетілген формаларда өзбек тіліде функционал емес. Сондай-ақ Мұхаммедамин бұл етістіктің ырықсыз етіс түрі адамдарға қатысы жоқ екенін ескермеген.

Ашық рай етістігі. Өткен шақ етістіктері. Жедел өткен шақ етістігі мозийи шухуди деп аталады (13-б.). Форманың бұл түрі автордың айтуыншағ іс-әрекет атауындағы -моқ/мак қосымшасыны алып тастау, орнына دى (-ди) аффиксіні қоюмен жасалады. Оның түрленуі:

	Жекеше	Көпше
1-жақ:	кетдим	кетдимиз
2-жақ:	кетдинг	кетдингиз
3-жақ:	кетди	кетдилар.

Осы мысалдардан көрінеді, түрлену системасы қазіргі түрлену системасына сай келеді, бірақ 1-жақ көпше түріне Ташкент диалектісіне тән аффикс алынған [6, 25 б]. Бұл мәселеден автордың Ташкенттік болғанын көруімізге болады. Тек 3-жақ көпше түрінде -лар аффиксінің қолданылуы өзбек тіліне тән еместігін ескертеміз. Бұл форма Мырза Мехдий хонда еңбектерінде де кездеседі. Оны феъли мозийи терминімен атайды, бірақ ол жедел өткен шақ етістік формасынан тыс پ (-п), بان (-бон) аффиксті көсемше және مش (-миш), غان (-ған), كن (-ган//кан), قان (-қан) аффиксті есімшені және ميدور (-майдур) аффиксімен жасалған сөз формаларында осы етістікке енгізеді [9, 6 б]. Демек, Махдихонда анық өткен шақ етістігіні өткен шақ көсемшесі, өткен шақ есімшесі негізінде феъли мозийи термині ретінде түсіндіреді. Мухаммадамин оны екіге бөліп қарастырады, яғни жедел өткен шақ етістігі (кетди) мозийи шухуди; өткен шақ есімшесі мен көсемшесіні мозийи нағли терминдерімен атайды және жеке түсіндіреді.

-ди аффиксті етістіктің болымсыз формасыны маълуми феъли жахд деп жүргізіледі. Бұ форманың жасалуы туралы “Амри ҳозир (II шахс буйруқ)нинг охирига مدى (-мади) калимаси қўшулса, маълуми жахд ҳосил бўлур” (22-б.), – дейді және оған ўқумадим, ўқумадинг, ўқумади, ўқумадук, ўқумадингиз, ўқумадилар мысалын келтіреді. Осыдан байқауымызға болады, Мухамадамин көмекші есім және жедел өткен шақ етістігіні жасаушы аффикстердің тәуелсіз екендігін аңғармаған, керісінше оларды жалаң аффикс

негізінде қарастырған. Етістіктің ырықсыз етісінде түсіндіреді және оны мажхули феъли жахд деген терминмен атайды. Оның жасалуын амри ҳозир (бұйруқ феъли) және -мади аффиксі ортасында лом (л) әрпі беріледі, деп түсінік береді және оған ўқулмади, ёзилмади (22-б.). Шындығында да, өзбек тілінде -л аффиксі ырықсыз етіс жасауы белгілі.

Бұрынғы өткен шақ етістігін түсіндіруімен ерекше. Бұл етістіктің болымды формасы және нақты қатынасы маълуми мозийи деп аталады және оның жасалуы туралы “Амри ҳозир(бұйруқ формаси)нинг охириға كان (-ган) калимаси (аффикси) қўшилса, маълуми мозийи ҳосил бўлур” (22-б.) деген пікір білдіреді. Бұл бұрынғы өткен шақ етістігінің үшінші жақ жеке тұлғасына қатысты. Бұл пікірден кейін ўқи- етістігінің ўқуғанман, ўқуғансан, ўқуған, ўқуғанмиз, ўқуғансиз, ўқуғанлар сияқты түрленуін көрсетеді. Мажхул нисбатдаги бұрынғы өткен шақ етістігінің жасалуы туралы “Амри ҳозир ила -ган калимаси ўртасига лом ҳарфи(аффикси) келса, мажхули мозийи ҳосил бўлур”(22-б.), - дейді және оныңда түрленуін көрсетеді: этилганман, этилгансан, этилган, этилганмиз, этилгансиз, этилган. Осыдан байқауымызға болады фактик материал сипатында толымсыз етістік таңдалған. Негізінде ол жетекші етістікпен, яғни лексикалық мағынаны білдіретін етістікпен бірге немесе дербес етістік ретінде берілуі керек еді. Өткен шақ етістігін ҳоле мозийи деп қолданады және оның жасалуын төмендегідей баяндайды: “Ҳоле музоре (-р/ур аффиксли сифатдош)нинг охириға -ди калимаси қўшулса, ҳоле мозийи бўлур” (23-б.). Дегенмен, бұл орында -ди формантыны “сөз” деп атасада, оның еді толымсыз етістігінен қысқарғанын білдірмейді. Біздіңше, оның толымсыз етістік екенін түсінбеген. Бұл етістіктің де ўқурдим, ўқурдинг, ўқурди, ўқурдимиз, ўқурдингиз, ўқурдилар типтегі синтезделген түрленуіні көрсетеді.

Өткен шақ мақсат етістігін келер шақ етістіктері аясында түсіндіруде: “Истиқболга эди калимаси қўшулса, ўтган замон ҳосил булур(18-б.)”, - дейді және бұл форманың -мақчи аффиксі мен еді көмекші етістіктен жасалғанын көрсетеді. Бұл етістіктің ўқумақчи эдим, ўқумақчи эдинг, ўқумақчи эди, ўқумақчи эдимиз, ўқумақчи эдингиз, ўқумақчи эдилар типтегі түрленуін береді.

Өткен шақ етістігі баяндау семантикасында мозийи баъид терминін қолданады. Бұл форма -б/иб аффиксті көсемшенің еді көмекші етістігімен бірге қолданылуынан жасалған. Сондықтан бұл етістіктің аналитикалық түрі ғана танылып, оның формасы ешқандай қарсылық тудырмайды. Мухамадамин кетиб эди типіндегі етістіктің тек өткен шақ мағынасында қолдануын айтып, оған осындай пікір білдіреді: “Мозийи баъиднинг ҳозирги ҳам келар замони учун сарфи бўлмас”. Негізі мұндай тұжырым жасаудың қажеті жоқ.

Осы шақ етістігі. Мұхаммедамин тек осы шақ етістігінің осы келер шақ туралы мәлімет береді. Сонда да оның болымды формасы тілге тиек етілмейді. Ауыспалы осы шақ етістігінің негізгі етісі болымсыз формасын маълуми феъли нафи деп қолданады. Оның пікірінше, бұл форма 2-жақ бұйрық етістігіне -мийди (өзбек әдеби тіліндегі -ма-й-ди форманты) аффиксі жалғануы арқылы жасалады. Бұл етістіктің түрленуін төмендегідей көрсетеді: урмийман, урмийсан, урмийди, урмиймиз, урмийсиз, урмийдилар. Сонымен қатар, маълуми феъли нафининг өткен шақ болмауын ұқтырады. Осы шақта оның ырықсыз етісінің түрленуінде көрсетеді: урилмайман, урилмийсан, урилмийди, урилмиймиз, урилмайсиз, урилмийдилар. Жоғарыдағы түрленулер ауыспалы осы шақ етістігі үшін Ташкент диалектісіне тән форманы таңдағанын көрсетеді [8, 178 б]. Сондай-ақ, Мухамадамин осы тәрізді түрленуді осы шақтағы түрлену деп ұсынады.

Келер шақ етістігі. Белгісіз келер шақ етістігіне Мухамадаминнің маълуми музоре деп аталатын етістігі сәйкес келеді. Бұл етістіктің жасалуы туралы төмендегідей пікір

білдіреді: “Амри ҳозирни охирида вов ҳарфи бўлуб, -р ҳарфи қўшулса, -р маълуми музора ҳосил бўлур: ўқур, тўқур, чўқур. Агарда амри ҳозирнинг охирида “т” ҳарфи бўлса, ҳамза, яъни алиф ила -р ҳарфи қўшилганда, маълуми феъли музора ҳосил бўлур: кетар, битар” (17-б.). Бұл орында ҳамза (араб графикасындағы декретик белгі) белгісінің алиф (а дауыстысы) қызметін атқаруы туралы сөз болып тұр, яғни кетар сөзінде а дауысты дыбысының орнына ҳамзадан да пайдаланылған. Негізінде бұл тәсіл түрік сөздеріне қатысты дұрыс болмады. Муһаммадаминнің бұл пікірлері осы кезең үшін ғана дұрыс, себебі, бірінші жағдайдағы сөздерде (уқур) ерін үндестігіне бейім болғандықтан алдыңғы және кейінгі буындарда еріндік дауыстылар сақталған. Сын есім тудырушы қосымшаның вариантының бар екенін мойындауы мәнді. Маълуми етістігі музорени төмендегідей көрсетеді: ўқурман, ўқурсан, ўқур, ўқурмиз, ўқирсиз, ўқурлар. Бұл етістіктің ырықсыз етістікте бұл форманы мажҳули феъли музоре деп атайды. Сондықтан бұл формада есімшенің -ур аффиксті варианты қатысуында көрсетеді, оныңда этилурман, этилурсан, этилур, этилурмиз, этилурсиз, этилурлар сияқты түрленетін болады, мұнда көмекші есімді таңдағаны дұрыс болмаған.

Мақсатты келер шақ етістігін истиқбол деп аталады. Оның жасалуы туралы осылай пікір білдіреді: “Масдарларнинг охирига -чи калимаси қўшилса, истиқбол ҳосил бўлур” (18-б.). Демек, мақсатты келер шақ етістігін жасауда -моқчи құранды аффиксі емес [8, 178 б], етістіктің инфинитив формасына -чи аффиксіні жалғау арқылы жасалады деп түсінгені көрінеді. Бұл етістік формасыны ашық айтпаған болса да, осы шақ мағынасыны аңғартады деген пікірде екенін аңғармаймыз, себебі, ол: “Истиқболнинг келар замони учун вақт тайин қилинур” (18-б.)- дейді және эрта (эртага маъносида) ўқимоқчиман, эрта ўқимоқчисан, эрта ўқимоқчи типіндегі мысалдарды келтіреді. Оның айтуынша, келер шақ мағынасы контексттен білінеді. Нақ осы шақта -моқчи аффиксі мен еди көмекші етістігінің қолдану өткен шақты білдіреді деген тұжырымымен жоғарыда таныс болдық. Бұдан бұл форманың осы шақты білдіретіні шығады. Оның ойынша келер шақ келер шақ бұйрық рай етістіктің II жақ формасы арқылы да көрінеді. Бұл ой орынды, өйткені екінші жақ қана емес, бұйрық рай етістіктің барлық түрлері келер шақты бейнелейтіні белгілі.

Бұйрық рай. Муһаммадамин бұйрық рай парадигмасына қатысатын әрбір жақ формасыны жеке-жеке түсіндіреді және арнайы терминдермен атайды. II жақ бұйрық райы формасыны амри ҳозир деп атайды. Оның іс-әрекет атауындағы -моқ /-мак аффиксіні алып тастаумен жасалуын айтады. Бұл етістіктің шақ көрсеткіші туралы төмендегідей пікір білдіреді: “Амри ҳозир ҳозирги замон ила келар замони истеъмол қилинур. Лекин келар замон учун вақт тайин қилинур: эрта кел, душанба кел (15-б.).”

Бұйрық рай етістігінің шаққа қатысын арнайы түсіндірмейді, себебі етістіктің бұл түрі әр қандай контексте де осы шақты емес, келер шақты көрсетеді.

II шақ бұйрық етістігінің болымсыз формасын наҳйи ҳозир деп атайды. Бірақ оның бірлік формасымен бірге көпше түрінде көрсетеді. Оған ўлтурманглар, кетманглар сияқты мысалдар келтіреді. Бұл етістік үшін ауызекі сөйлеуге тән болған форма таңдалған. III жақ бұйрық етістігін амри гойиб деп қолданған. Оның жасалуы туралы: “Амри ҳозирнинг охиригасун калимаси қўшулса, амри гойиб ҳосил бўлур (15-б.) – дейді және оның жекеше мен көпше формаларын келтіреді: келсун, кетсун, этсун, келсунлар, кетсунлар, этсунлар. Осы жақтың болымсыз түрін наҳйи гойиб деген терминмен атайды.

Шартты рай. Шартты рай етістігін феъли шарт деп қолданады. Оның жасалуы туралы: “Амри ҳозирнинг охирига -са калимаси қўшулса феъли шарт ҳосил булур” (20-б.) - дейді.

Шартты райдың екі шақта қолдануын көрсетеді. Келер шақ шартты-қалау етістігінің осы шақ (борсам, борсанг, борса, борсамиз, борсангиз, борсалар); өткен-келер шақ шартты рай өткен шақ шартты рай сипатында қарастырады (борсам эди, борсанг эди, борса эди, борсамиз эди, борсангиз эди, борсалар эди). Кейінгі форманы Мухаммадамин сияқты өткен шақ шартты райы сияқты қарастыру қазіргі тіл біліміне тиісті еңбектерінде де аталынып өтеді.

Мухаммадамин еңбектерінде вужуби (18-б.) терминімен аталатын етістіктің формасы кездеседі. Біздіңше бұл форма келер шақ етістігін білдіруі керек. Автордың көрсетуінше, бұл етістік тәуелдік жалғауыны алған әрекет атауы (-маги/мағи аффикс) және керак модал сөзінен тұратын аналитикалық форманы білдіреді. Мұнда -маги/мағи аффиксін алған бөлігі жіктік жалғаулары сан есім аффикстерін қабылдайды. Алайда, ол бұл форманың қалай қалыптасатыны туралы өз идеясына сәйкес келмейді. Бұл форманың шаққа қатысын көрсетуде ұқумағи керак типіндегі форманы осы шақ ұқумағи керак эди сияқты форманы өткен шақ етістігі сипатында ұсынуымен келер шақ формасы үшін ешқандай ескертусіз шарт етістігін + жіктікжалғау аффиксі + керак модал сөзінен болған форманы келтіреді. Бұл өзінің бастапқы принципіне сай келмейтін сияқты, себебі ол вужубини II жақ бұйрық рай -мағи/мағи аффиксі + керак модал сөзінен жасалады деген еді, екіншіден, бұл форманың шақтарын анық белгілей алмады, себебі, ұқумағи керак типіндегі етістік формасы осы шақты емес, келер шақты ұқумағи керак эди сияқты етістік формасы тек өткен шақты емес, өткен-келер шақ мағынасы білдіреді. Белгілі болғандай, бұл форма қазіргі өзбек тіл білімінде аз зерттелген. Жоғарыда айтылған формалардан ұқимағи керак типіндегі етістік формасын А.Х.Хожиев ва Ж.М.Жұраевалар[7, 156 б] келер шақ семантикасының синтаксик жолмен түсіндіреді деп қарайды.

Қорытынды

Мухаммадаминнің бұл еңбегі негізінен, Мухаммадрасул Расулийдың: “Рахбари форсий” [5, 18 б] және араб тіл біліміндегі [4, 216 б] элементтеріні өз ішіне алған татар грамматиктерінің еңбектеріне, әсіресе, татар және араб тілінің грамматикаларына жазған Ахмад Ходи Мақсудийдың “Туркий сарфи” [3, 89 б] еңбегіне сүйену байқалады. Сонымен қатар, бұл еңбектегі өткен, осы, келер шақ деген терминдер өзбек тілінде алғаш рет қолданылғандығының куәсі боламыз. Айта кететін жайт, бұл еңбек күрделі өңдеуді қажет етеді, әсіресе, ілік септігі мен табыс септігі формалары орын ауысып қолдана берілген. Бұл еңбекті XX ғасырдың басындағы практикалық грамматиканың үлгісі деуге болады. Аталған еңбекте түрлі тілдік дәстүрлердің ықпалы айқын байқалып, түркі, татар және араб грамматикалық мектептерінің өзара сабақтастығы көрініс табады. Автор қолданған грамматикалық категориялар мен терминдер сол кезеңдегі практикалық грамматиканың қалыптасу деңгейін көрсетеді. Морфологиялық сипаттауларда жүйеліліктің жеткіліксіздігі мен формалардың ауысып қолданылуы еңбектің әдіснамалық тұрғыдан толық жетілмегендігін аңғартады. Соған қарамастан, бұл еңбек өзбек тіліндегі грамматикалық терминологияның орнығуы мен практикалық грамматика дәстүрінің бастауын айқындауда маңызды дереккөз болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Аширбоев С. – грамматикалық категориялардың сипатталуын дәстүрлі тіл білімі қағидаларымен байланыстыра отырып, олардың қалыптасу ерекшеліктерін айқындады;

Сайфуллаев Б. – XX ғасырдың басындағы лингвистикалық көзқарастар мен ғылыми бағыттарды сараптады; жекелеген еңбектерге талдау жасап, олардың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашып көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Ashirboyev, S., Aymaxambet, J. (2024) Turkiy til strukturasi mahalliy ziyolilar talqinida. Toshkent: Language and Culture, b. 17.
2. Муталлибов, С. (1966) Аттухфатуз закияту филлуғатит туркия. Тошкент: Фан, бб. 113-114.
3. Аҳмад Ҳоди Мақсудий (1910). Туркий сарфи. Қозон.
4. Ковалев, А.Л., Шарбатов, Г.Ш. (1969) Учебник арабского языка. М.: Просвещение, с. 216.
5. Муҳаммадрасул Расулий (1911) Раҳбари форсий. Тошкент (араб графикасында).
6. Решетов, В. (1959) Узбекский язык. Ташкент: Ўқитувчи, с. 25.
7. Сулаймонов, А.Х., Ҳожиёв, А.Х., Жўраева, Ж.М. (1962) Феъл замонлари. Тошкент: Фан, б. 156.
8. Ўзбек шевалари морфологияси (1984). Тошкент: Фан, б. 178.
9. Умаров, З.А. (1957) Грамматика староузбекского языка "Мабани-ул дугат" Мирзы Мехдихана: автореферат диссертации на соискание кандидата филологических наук, Ташкент, с. 6.
10. Усмонов, С. (1964) Ўзбек тилида сўзларнинг грамматик формаси. Функционал грамматик форма. Низомий номидаги ТДПИ илмий асарлари. Т.4, 2-китоб, б. 181.
11. Фозилов, Э. (1966) Ўзбек тилининг тарихий морфологияси. Тошкент: Фан, б. 16.
12. Халилои, Л. (1965) Форс тили. Тошкент: Ўқитувчи, б. 101.
13. Ҳозирги замон ўзбек тили (1957). Тошкент, б. 445; Кононов, А.Н. (1960) Грамматика современного узбекского литературного языка. М.– Л.: Наука, с. 263; Усмонов, С. Сўзнинг аналитик формаси ва сўз масаласи, юқоридаги илмий асар. Тошкент, б. 107; Ҳожиёв, А. (1966) Ўзбек тилида кўмакчи феъллар. Тошкент: Фан, б. 16.

С. Аширбоев¹, Б. Сайфуллаев²

¹Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А.Навои,
Ташкент, Узбекистан

²Ташкентский государственный педагогический университет имени Низами,
Ташкент, Узбекистан

(E-mail: Ashirboyev@gmail.ru, sayfullayevbaurjan@gmail.com2)

Из истории изучения структуры тюркско-узбекского языка

Аннотация. История изучения узбекского языкознания в настоящее время относится к числу актуальных научных направлений. По данной тематике опубликован ряд диссертационных исследований, учебников и научных статей, в том числе труды С. Аширбоева «Из истории изучения грамматического строя узбекского языка» (1974), А.Нурманова «История узбекского языкознания» (2002), С.Нормаматова «История узбекского языкознания» (2022). В статье системно анализируются труды, относящиеся к категории практической грамматики, которая лишь начала формироваться в начале XX века. В ходе исследования проведен анализ указанных работ, рассмотрены их теоретико-методологические основы и методы языкового анализа, а также выявлена их преемственность с лингвистическими взглядами соответствующего

периода. Описание категории глагола в рамках практической грамматики рассматривается как наглядное проявление традиционных грамматических установок автора и влияния арабского языкознания. Используемая в данных трудах терминологическая система и модели анализа отражают уровень научной мысли на этапе становления узбекского языкознания. Результаты исследования позволяют определить основные тенденции развития узбекского языкознания начала XX века и способствуют историческому осмыслению грамматической системы тюркских языков.

Ключевые слова: узбекское языкознание, глагол, сарф, муфрад, жам, времена глагола, повелительное наклонение, условное наклонение.

S. Ashirboyev¹, B. Sayfullayev²

¹*A.Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Tashkent, Uzbekistan*

²*Nizami Tashkent State Pedagogical University, Tashkent, Uzbekistan*

(E-mail: Ashirboyev@gmail.ru, sayfullayevbaurjan@gmail.com2)

From the History of the Study of the Structure of the Turkic Uzbek Language

Abstract. The study of the history of Uzbek linguistics has been developing actively in recent years. Dissertations, textbooks, and scholarly articles have been published on this topic, including works such as S. Ashirbaev's *From the History of the Study of the Grammatical Structure of the Uzbek Language* (1974), A. Nurmanov's *History of Uzbek Linguistics* (2002), and S. Normamatov's *History of Uzbek Linguistics* (2022). Such studies continue to be conducted today. This paper analyzes works belonging to the category of practical grammar, which began to emerge at the beginning of the 20th century. The section devoted to verbs is also examined. The analyzed work belongs to an author whose approach was influenced by Arabic grammatical tradition and whose worldview was based on medieval scholarship. The study is significant in that it provides additional data for the history of Uzbek linguistics and, partially, for Turkic linguistics. In the course of the study, the theoretical and methodological foundations and methods of linguistic analysis employed in the examined work were analyzed, and their continuity with the linguistic views of the corresponding period was identified. The description of the verb category within the framework of practical grammar is regarded as a clear manifestation of the author's traditional grammatical principles and the influence of Arabic linguistic scholarship. The terminological system and analytical models used in this work reflect the level of scholarly thought during the formative stage of Uzbek linguistics. The research findings make it possible to identify the main trends in the development of Uzbek linguistics at the beginning of the twentieth century and contribute to a historical understanding of the grammatical system of Turkic languages.

Keywords: Uzbek linguistics, verb, sarf, mufrad, jam, verb tenses, imperative mood, conditional mood.

References

1. Ashirboyev, S., Aymaxambet, J. (2024) *Turkiy til strukturasi mahalliy ziyolilar talqinida*. Toshkent: Language and Culture, b. 17. [in Uzbek]
2. Mutallibov, S. (1966) *Attukhfatus zakijatu fillugatit turkiya*. Toshkent: Fan, bb. 113-114. [in Uzbek]
3. Akhmad Hodi Maksudij (1910). *Turkiy sarfi*. Kozon. [in Uzbek]
4. Kovalev, A.L., Sharbatov, G.Sh. (1969) *Uchebnik arabskogo yazyka*. M.: Prosveshhenie, c. 216. [in Russian]

5. Mukhammadrasul Rasulij (1911) Rakhbari forsij. Toshkent (arab grafikasynda). [in Uzbek]
6. Reshetov, V. (1959) Uzbekskij yazyk. Tashkent: Ykituvchi, c. 25. [in Russian]
7. Sulajmonov, A.Kh., Khozhiev, A.H., Zhyraeva, Zh.M. (1962) Fe'l zamonlari. Toshkent: Fan, b. 156. [in Uzbek]
8. Yzbek shevalari morfologiyasi (1984). Toshkent: Fan, b. 178. [in Uzbek]
9. Umarov, Z.A. (1957) Grammatika starouzbekskogo yazyka "Mabani-ul dugat" Mirzy Mehdihana: avtoreferat dissertacii na soiskanie kandidata filologicheskikh nauk, Tashkent, s. 6.
10. Usmonov, S. (1964) Yzbek tilida syzlarning grammatik formasi. Funkcional grammatik forma. Nizomij nomidagi TDPI ilmiy asarlari. T.4, 2-kitob, b. 181. [in Uzbek]
11. Fozilov, Je. (1966) Yzbek tilining tarihiy morfologiyasi. Toshkent: Fan, b. 16. [in Uzbek]
12. Haliloi, L. (1965) Fors tili. Toshkent: Ykituvchi, b. 101. [in Uzbek]
13. Khozirgi zamon yzbek tili (1957). Toshkent, b. 445; Kononov, A.N. (1960) Grammatika sovremennogo uzbekskogo literaturnogo yazyka. M.– L.: Nauka, s. 263; Usmonov, S. Syzning analitik formasi va syz masalasi, jukoridagi ilmiy asar. Toshkent, b. 107; Khozhiev, A. (1966) Yzbek tilida kymakchi fe'llar. Toshkent: Fan, b. 16. [in Uzbek]

Авторлар туралы мәлімет:

Аширбоев С. – филология ғылымдарының докторы, Ә.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің профессоры, Ташкент, Өзбекстан Республикасы.

Сайфуллаев Б. – хат-хабарға жауапты автор, филология ғылымдары бойынша философия докторы (PhD), Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің доцент міндетін атқарушысы, Ташкент, Өзбекстан Республикасы.

Аширбоев С. – доктор филологических наук, профессор Ташкентского государственного университета узбекского языка и литературы имени А.Навои, Ташкент, Республика Узбекистан.

Сайфуллаев Б. – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD) по филологическим наукам, и.о. доцента Ташкентского государственного педагогического университета имени Низами, Ташкент, Республика Узбекистан.

Ashirboyev S. – Doctor of Philological Sciences, Professor at the A.Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Tashkent, Republic of Uzbekistan.

Sayfullayev B. – corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD) in Philological Sciences, Acting Associate Professor at the Nizami Tashkent State Pedagogical University, Tashkent, Republic of Uzbekistan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).